

Бланкілік тендерлік кепілдік берудің стандартты талаптары және банктік заем талаптары (Қосылу шарты)

Осы стандартты талаптарды (бұдан әрі – Қосылу шарты) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі - Банк) бланкілік тендерлік кепілдік беру туралы шартты, бланкілік тендерлік кепілдік беруге және банктік заем беруге арналған өтінім-офертаны жасасу кезінде қолдану үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен әзірледі және Кепілгердің бланкілік тендерлік кепілдік пен банктік заем беруінің стандартты талаптарын айқындайды.

Стандартты талаптарды қолдана отырып Қосылу шарты Кепілгер/Банк пен Аппликant/Заемшы (бұдан әрі – Аппликant/Заемшы) (бұдан әрі бірлесіп – Тараптар немесе жекелей – Тарап) арасында:

Аппликantты/Заемшыны Қосылу шартына қосу және Аппликant/Заемшы Кепілгерге бланкілік тендерлік кепілдік беру туралы және Кепілгер көздеген нысан бойынша банктік заем беруге тиісті түрде ресімделген және қол қойылған өтінім-офертаны (бұдан әрі – Өтінім-оферта) жіберу арқылы жасалады. Кепілгер оны күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қабылдаған жағдайда, Өтінім-офертада және Қосылу шартында көрсетілген талаптарда бланкілік тендерлік кепілдікті (бұдан әрі – Кепілдік) шығару Кепілгердің акцепті болып табылады.

Тараптар Қосылу шарты, Өтінім-оферта бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылатынын және бұдан әрі бірлесіп Шарт деп аталатынын мойындайды.

Мыналарды:

Конкурстардың бастамашылары (бұдан әрі – Бенефициар) ұйымдастыратын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – Конкурстар) сатып алу жөніндегі конкурстық сауда-саттықтарға (конкурстарға, тендерлерге, аукциондарға) қатысу үшін Аппликant конкурсқа қатысу үшін конкурстық құжаттамаға сәйкес Бенефициар алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілі ретінде Бенефициардың пайдасына банк кепілдігін беруге міндетті екенін;

Заңды тұлға – Аппликantтың уәкілетті органы/тұлғасы барлық қажетті рәсімдерді сақтағанын және бланкілік тендерлік кепілдік/банктік заем беру туралы стандартты талаптарды қолдана отырып, Кепілгер/Банк ұсынатын банк кепілдігін алу туралы тиісті шешімдер қабылдағанын назарға ала отырып,

Аппликant Қосылу шартына қосылады.

1-бап. Кепілдік беру тәртібі мен талаптары

1.1. Кепілгер Өтінім-офертада және конкурстық құжаттамада көрсетілген мөлшерде Кепілдік береді және қағаз жеткізгіште және/немесе веб-порталдарда (тиісті веб-порталдарда электрондық банктік кепілдіктер шығарған кезде) алынған Бенефициардың тиісті түрде ресімделген жазбаша талабын (бұдан әрі – Бенефициардың Талабы) алған жағдайда Кепілдік бойынша өз міндеттемелерін орындайды.

Бұл ретте берілген Кепілдік бойынша Кепілгердің жауапкершілігі (төлемді жүзеге асыру) туындайтын талаптар шығарылатын Кепілдіктерде көрсетіледі.

Бенефициардың талаптары Кепілдік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Кепілгер Бенефициарға берілген Кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңнамасында Бенефициардың талаптарын қою нысаны мен тәртібіне қойылатын талаптар белгіленген жағдайда, Кепілгер Бенефициардың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда ғана Бенефициардың талаптарын орындауға қабылдайды.

1.2. Кепілдік Бенефициардың тек жарамды талаптарын қамтамасыз етеді.

1.3. Аппликant Кепілгерге Кепілгердің тарифтерінде белгілеген мөлшерде Кепілдік шығарғаны үшін комиссия, сондай-ақ Кепілгердің тарифтерінде келісілген өзге де комиссиялар (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Кепілдікті өзгерткені үшін) төлейді, олармен Аппликant танысады және сөзсіз келіседі. Комиссиялардан басқа, Аппликant Кепілгердің жазбаша талаптарына және Шарттың талаптарына сәйкес Шарттың шеңберінде шеккен шығыстарды, шығындарды, тұрақсыздық айыбын, залалдарды Кепілгерге төлейді.

1.4. Кепілдік шығарғаны үшін комиссия Кепілдік шығарылған күні Кепілгерге Аппликанттың Кепілгерде ашылған банк шоттарынан Кепілгердің тарифтерінде белгіленген комиссия сомасын банктік шоттарды тікелей дебеттеу арқылы акцептсіз алып қою арқылы төленеді.

1.5. Кепілдік сомасы және/немесе Кепілдік мерзімі тек Кепілгердің келісімімен ғана өзгерген кезде Аппликант комиссияларға ақы төлеуді Кепілгердің тарифтеріне сәйкес жүргізеді.

1.6. Кепілдік күшіне енбеген немесе Кепілдік өзгерген жағдайда Кепілгердің Аппликантқа Кепілдікті шығару/өзгерту үшін бұрын төленген комиссия сомасын қайтаруы жүргізілмейді.

2-бап. Кепілдік мөлшері мен жарамдылық мерзімі

2.1. Кепілдік сомасы Өтінім-офертада және Кепілдікте көрсетіледі. Кепілгердің Бенефициар алдындағы міндеттемелері Кепілдікте көрсетілген сомамен шектеледі.

2.2. Кепілдік валютасы - теңге.

2.3. Кепілдік Өтінім-офертада Аппликант көрсеткен мерзімге (мәтін бойынша – Кепілдік мерзімі) беріледі.

Кепілдік бойынша Бенефициардың Талаптары Кепілдік мерзімі ішінде қойылады, содан кейін Кепілдік заңды күшін жоғалтады.

2.4. Кепілдіктің қолданылу күні Кепілгердің уәкілетті тұлғаларының Кепілдікке қол қойған күні не Кепілдікте көрсетілген оқиғаның басталған күні болып табылады.

2.5. Кепілдіктің қолданылу мерзімі:

1) Кепілдіктің өзінде көрсетілген күні не;

2) Кепілдік Кепілдіктің өзінде көрсетілген тәртіппен автоматты түрде ұзартылған мерзім өткеннен кейін аяқталады.

2.6. Кепілдік Кепілдікте, Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады.

3-бап. Кепілдік сомасын төлеу және қайтару тәртібі мен талаптары

3.1. Кепілгер Кепілдік бойынша Бенефициардың талабын (Кепілдік сомасын төлеу туралы) алған кезде Кепілгер бұл туралы Бенефициардың Талабын алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей Аппликантты хабардар етеді.

Аппликантты хабардар ету күнінде Бенефициардың талабын орындау (ішінара/толық көлемде) үшін Аппликанттың банктік шоттарында жеткілікті ақша сомасы болған кезде Кепілгер Бенефициардың талабы бойынша соманы даусыз (акцептсіз) тәртіппен Аппликанттың банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен алып қоюды жүргізеді.

Бұл ретте Аппликант, егер бұзылған міндеттеменің валютасы және Кепілгер акцептсіз тәртіппен алып қоятын/алып қойған сомалардың валютасы әртүрлі болса, Кепілгер алып қойылған ақша сомаларын Аппликант орындауы тиіс, Кепілгер есептен шығару күніне айқындайтын бағам бойынша міндеттеменің валютасына айырбастайды деп келіседі.

Бенефициардың талаптары Кепілдік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда (Кепілгердің қорытындысына/шешіміне сәйкес) Кепілгер Бенефициардың талабы бойынша алып қойған сома Аппликанттың банк шотына қолма-қол ақшасыз тәртіппен қайтарылады.

Егер Кепілгердің талап алғаны туралы Аппликантты хабарландыру күні Аппликанттың банк шоттарындағы сома жеткіліксіз болса, онда Аппликант Кепілгердің хабарламасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Бенефициардың талабын толық көлемде қанағаттандыруға міндетті. Бұл ретте Аппликант Бенефициардың талабы бойынша қажетті/жетіспейтін соманы Кепілгерде ашылған өзінің банк шотына не Кепілгердің есептен шығару және Бенефициардың пайдасына төлем жасау үшін Кепілгердің берілген деректемелеріне сәйкес аударады.

3.2. Аппликант Қосылу шартының 3.1-тармағында көзделген тәртіппен өзінің банктік шотында Кепілдік сомасын қамтамасыз етпеген немесе Бенефициардың талабын орындау үшін Аппликанттың Кепілгерде ашылған банк шоттарында сома жеткіліксіз болған жағдайда, Аппликанттың Кепілгер алдындағы міндеттемесі Кепілдік сомасына немесе Бенефициардың талабын орындау үшін қажетті жеткіліксіз сомаға қысқа мерзімді заемды қайтару жөніндегі міндеттеме болып табылады және ескеріледі.

3.3. Кепілдік сомасын Кепілгерге өтеу Қосылу шартының 3.1-тармағында белгіленген мерзімде кешіктірілген жағдайда, Аппликант Кепілдік сомасын төлеу бойынша берешек сомасының

0,05 (нөл бүтін жүзден бес) пайызы мөлшерлемесі бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін Кепілгерге тұрақсыздық айыбын (Қосылу шартының 4-бабының талаптарына сәйкес заем берілген күнге дейін) төлейді.

4-бап. Қаржыландыру талаптары

4.1. Аппликант Бенефициардың талабын қанағаттандырмаған не толық көлемде қанағаттандырмаған жағдайда, Банк өз қалауы бойынша Заемшыға өз қаражаты есебінен қысқа мерзімді заем (бұдан әрі – Заем) береді.

Шарттың жасалу күні мен орны, оның нөмірі, Банк пен Заемшының деректері, заем мақсаты, сомасы, валютасы және мерзімі өтінім-офертада айқындалады.

4.2. Заемды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесінің түрі (бұдан әрі – сыйақы), жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, Шарт жасасу күніне сенімді жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (бұдан әрі – ЖТСМ), егер Шартта құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі көзделген болса, сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу тәртібі өтінім-офертада айқындалады.

4.3. Заемды өтеу тәсілі мен әдісі, Шарт бойынша берешекті өтеу кезектілігі өтінім-офертада айқындалады.

4.4. Заемды қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер бұзылған жағдайда Заемшы Банкке есептеу тәртібі мен мөлшері өтінім-офертада көрсетілетін тұрақсыздық айыбын төлейді.

4.5. Комиссиялардың және өзге де төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ Заемды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын олардың мөлшері өтінім-офертада көрсетіледі.

Заемды қайтару және сыйақыны төлеу тәртібі, кезеңділігі өтінім-офертада көрсетіледі.

Бұл ретте Заемшы:

1) Заемшының ағымдағы шотында өтінім-офертада көзделген мерзімдерде негізгі борыш пен сыйақыны өтеу, пайыздарды, тұрақсыздық айыбын, (өсімпұлды), Банктің пайдасына өзге де төлемдерді төлеу үшін жеткілікті сомада ақшаның болуын қамтамасыз етуге;

2) жоспарлы төлем күні басталған кезде Заемшының ағымдағы шотында жоспарлы төлем өтелуге тиіс негізгі борышты, сыйақыны өтеу үшін жеткілікті ақша сомасын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Банк Заемды/Берешекті өтеуге ақшаны жұмыс күндері қабылдайды.

Өтінім-оферта бойынша төлемдерді Заемшы Астана қ. уақытымен сағат 18.00-ге дейін жүзеге асырады. Егер өтінім-оферта бойынша төлем Астана қ. уақытымен сағат 18:00-ден кейін жүзеге асырылса, мұндай төлем келесі Жұмыс күні жасалды деп танылады.

Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Банк қабылдайтын шаралар өтінім-офертада айқындалады.

4.6. Заемның қолданылу мерзімі өтінім-офертада айқындалады.

4.7. Шарт талаптары бұзылған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және өтінім-офертаға сәйкес жауапты болады.

4.8. Шарт бойынша Заемшының/Аппликанттың жауапкершілігі Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар Заемшыны/Аппликантты жауапкершіліктен босату үшін негіздер деп танымайтын еңсерілмейтін күш мән-жайларымен шектелмейді.

4.9. Егер Заем шетел валютасымен берілсе, Шарт бойынша комиссиялар, айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбы төлем күніндегі Банктің есептік бағамы бойынша теңгемен төленеді.

5-бап. Шарттың өзге талаптары

5.1. Сыйақыны есептеу үшін мерзімді есептеу нақты берілген Заем сомасына қатысты Заем берілген күннен кейінгі күннен басталады. Заемды пайдаланғаны үшін сыйақы есептеу кезінде күндердің нақты саны (күнтізбе бойынша) ескеріледі, бұл ретте жыл 360 күнге тең деп қабылданады.

5.2. Заемшы Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

5.3. Банк Шарт бойынша құқықты (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында Банктің Шарт шеңберінде Заемшымен өзара қатынастарына

қойылатын талаптар мен шектеулер Заемшының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

6-бап. Шарт талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту

6.1. Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 3-тармағында көзделгендей Заемшы үшін жақсартылған жағдайларда Шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

Банк Заемшыны Шарт бойынша жақсартатын талаптардың қолданылуы туралы оларды қолданысқа енгізу болжанғанға дейін кемінде күнтізбелік он төрт күн бұрын хабардар етеді.

Банктің хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Заемшы Банк ұсынған жақсарту талаптарынан толық немесе ішінара жазбаша түрде бас тартуға құқылы.

Егер Банк көрсетілген мерзімде Заемшыдан Банк ұсынған жақсарту талаптарын қолданудан жазбаша бас тартуды алмаса, оларды Заемшы қабылдаған болып есептеледі.

7-бап. Қаржыландыруды мерзімінен бұрын қайтару, бас тарту және тоқтата тұру

7.1. Заемшы Банктің жазбаша келісімімен Заемды (толық немесе ішінара) Банкке мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы. Бұл туралы Банкті:

1) 1 (бір) жұмыс күні бұрын;

2) мәселе бойынша Заем беруге қатыспаған және тиісінше Шартта көрсетілмеген Банктің аудандық басқармасына және (немесе) Банктің өзге де облыстық/өңірлік филиалына өтініш білдірген жағдайда, 2 (екі) жұмыс күні бұрын алдын ала жазбаша хабардар етеді.

7.2. Банк:

төмендегі негіздердің кез келгені басталған кезде:

1) Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды кешіктіруге жол берсе;

2) Заемшының мүлкіне тыйым салынса, билік етуіне шектеу қойылса немесе оған үшінші тұлғалар өндіріп алу рәсімін қолданса;

3) Заемшы жауапкер ретінде сот процесіне Шарт бойынша Заемшының жиынтық берешегінің 5 % (бес пайызы) және одан көп сомасын құрайтын талап қою сомасымен тартылғанда;

4) Заем беру Заемшымен байланысты борышкерлер тобына бір заемшыға тәуекел мөлшері бойынша заңнамада белгіленген шектеудің ең жоғары мөлшерінен асып кететін болса;

5) Заемшы өзінің қаржылық жағдайына қатысты дұрыс емес мәліметтер берген жағдайда;

6) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына және (немесе) Банктің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін ішкі кредиттік саясатына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Заемшының қаржылық жай-күйінің нашарлауы жағдайында;

7) үшінші тұлға Заемшыны банкрот деп тану туралы талап қойса немесе сот шешімі бойынша банкроттықта немесе оңалтуда қолданылатын рәсімдердің кез келгені енгізілсе;

8) Шартты тұтастай немесе бір бөлігін жарамсыз және (немесе) жасалмаған деп тану туралы талап қойылғанда және (немесе) даулағанда немесе көрсетілген мән-жайлардың туындау қаупі пайда болғанда;

9) Заемшымен үлестес (байланысты) үшінші тұлғалар Банк алдындағы міндеттемелердің кем дегенде біреуін бұзғанда;

10) Заем беру Банктің пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы талаптарды қоса алғанда, осындай бұзушылық ықтималдығы сақталған кезеңде Қолданылатын құқықты бұзуына негіз болса;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ Заемшы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында іскерлік қатынастарды пайдаланады деген күдік болған жағдайда;

12) шот бойынша шығыс операциялары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаған жағдайда;

13) Заемшы Шартта берілген куәліктерді бұзуға жол берсе және (немесе) Банкте Заемды Заемшы осындай бұзушылықтарға әкеп соғуы мүмкін мақсаттарда пайдалануы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса;

14) мемлекеттік кірістер органында жеке кәсіпкер ретінде Заемшы тіркеу есебінен шығарылғанда;

15) Заемшы уәкілетті органға «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішпен жүгінген кезде;

16) Заемшы Шарт талаптарын (оның ішінде Шарт бойынша ковенанттың ережелерін бұзған кезде) немесе Банкпен жасалған өзге де шарт талаптарын бұзуға жол берген, оның ішінде Заемшы кез келген үшінші тұлғалардың алдында қандай да бір келісім (шарт) бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайларда;

уақыт өте келе жоғарыда аталған оқиғалардың басталуына, Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауына және/немесе тиісінше орындалмауына, оның ішінде Шарт бойынша ковенанттардың ережелерін және Банкпен жасалған басқа да шарттар бойынша міндеттемелерді бұзуға әкеп соғуы мүмкін оқиғалар туындаған немесе іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде, Заемшыға Заем беруден бас тартуға және/немесе есептелген сыйақымен оны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге немесе одан әрі қаржыландыруды тоқтата тұруға құқылы.

7.3. Заемшы осы Қосылу шартында көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда:

1) Заемшының Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындау мерзімдері басталған деп танылады және Банк олардың орындалуын талап етуге құқылы;

2) Банк Заемшының кез келген өзге мүлкінен өндіріп алуға құқылы.

8-бап. Қаржылық ақпарат

8.1. Заемшы Банкке:

1) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше мерзім белгіленбесе, әрбір қаржы жылы аяқталған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша жылдық қаржылық есептілікті;

2) егер қаржылық есептіліктің өзге кезеңділігі мен оны ұсыну мерзімін Банк айқындамаса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша Шарттың қолданылу мерзімі ішінде тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті, оның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептілікті;

3) Банктің талабы бойынша – қаржылық есептілікті, Заемшының қаржылық жай-күйін (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге де есептілікті және Банк Шарт шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде тәуелсіз аудитор растаған, Банк айқындаған нысанмен және күні бойынша сұрата алатын басқа да ақпаратты уақтылы беруге міндеттенеді. Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда Банк аудитті дербес тағайындауға құқылы, оны жүргізу жөніндегі шығыстарды Заемшы өтейді;

4) Банк айқындаған кезеңділікпен және Банктің талабы бойынша кез келген басқа уақытта – Заемшының бюджет алдында берешегінің болуы/болмауы туралы құжатты уақтылы беруге міндеттенеді.

Есепті кезеңде өзгерістер/толықтырулар, тәуекелдер туындаған және/немесе қаржылық жағдайы нашарлаған кезде Заемшы Банкке есептік құжаттамамен бір уақытта қаржылық жағдайдың бастапқы көрсеткіштерден (Шарт жасасу сәтінде болған) ауытқуларының мәнін егжей-тегжейлі баяндай отырып, түсіндірме жазба ұсынады.

Заемшы Банкке берілген қаржылық есептіліктің, оның қаржылық жай-күйін (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге де есептіліктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетініне және сенімді болатынына кепілдік береді және растайды.

9-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Банк үшін шектеулер

9.1. **Аппликant/Заемшы:**

1) Бенефициардың Талабымен танысуға;

2) Кепілдіктің қолданылу мерзімін ұзарту, Кепілдік сомасын өзгерту туралы жазбаша өтінішхатпен Кепілгерге жүгінуге;

3) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу күні демалыс не мереке күніне түссе, мұндай төлемді тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, одан кейінгі жұмыс күні жүргізуге құқылы. Бұл ретте сыйақы төлем күніне қалыптасқан Заемды пайдаланған күндердің нақты санына қарай төленеді;

4) өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, айына 1 (бір) реттен асырмай, жазбаша нысанда шотқа Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төлеуге жататын басқа да сомаларға) бөлу туралы ақпарат алуға;

5) Шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төлеуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып, қайтаруға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтерді жазбаша нысанда алуға;

6) негізгі борышты Қосылу шартының 7-бабының 7.1-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес ішінара немесе толық көлемде, бірақ кез келген жағдайда 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң, 1 (бір) жылдан жоғары мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткен соң мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, мерзімінен бұрын өтеу;

7) Шарттың талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту/толықтыру туралы Банктің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуға;

8) көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша өтініш білдіруге **құқылы**.

9.2. Аппликant/Заемшы:

1) Кепілгерге конкурстық құжаттаманы және Кепілгер/Банк сұрататын өзге де құжаттарды ұсынуға;

2) Шарттың, Конкурстардың және қамтамасыз етуіне Кепілдік берілген өзге де міндеттемелер шеңберінде қабылданған талаптар мен міндеттемелерді орындауға;

3) Жаңа мерзімдерді көрсете отырып, Өтінім-офертаны ұсыну жолымен конкурсты ұзарту туралы Кепілгерге уақтылы хабарлауға;

4) Кепілгер Бенефициардың талабы бойынша төлеген Кепілдік сомасын, сондай-ақ Кепілгер шеккен шығыстарды Кепілгерге өтеуге, Шартта, Кепілгердің тарифтерінде көзделген комиссияларды төлеуге;

5) өзінің барлық уәкілетті органдарымен және тұлғаларымен, барлық рәсімдермен, оның ішінде, егер Шарт жасасу заңнамада және/немесе Аппликantтың/Заемшының құрылтай құжаттарында айқындалған рәсімдерді, құзыретті немесе өзге де талаптарды бұза отырып жүргізілгені анықталса, не мұндай мақұлдау Шарт жасасқаннан кейін ғана жүргізілетін болса, Шарттың жасалуын мақұлдауды қамтамасыз етуге;

6) осындай өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Аппликant/Заемшы атынан шарттарға және өзге де құжаттарға қол қоюға уәкілетті адамдардың өзгергені туралы Кепілгерді жазбаша хабардар етуге;

7) осындай өзгерістер/ықтимал өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) күні ішінде Кепілгерді заңды мәртебесінің өзгергені немесе ықтимал өзгерісі, оның таратылуы, банкроттығы және т.б. салдарынан іс жүзінде тоқтатылғаны және осыған байланысты Шарт талаптарының орындалуына нақты қатер төнгені туралы жазбаша хабардар етуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірінші кезектегі болып табылатын міндеттемелерді қоспағанда, Шарттың қолданылу мерзімі ішінде үшінші тұлғалар алдындағы бірінші кезектегі міндеттемелерді өзіне қабылдамауға;

9) Аппликant/Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны салдарынан дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Кепілгерге/Банкке шаралар қолданылған жағдайда, Кепілгерге/Заемшыға шығыстар мен залалдарды өтеуге;

10) Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз:

заем алмауға, кепілдік және (немесе) өзге қаржы құралдарын беру туралы шарттар бойынша міндеттемелерді қабылдамауға, заемдар, кепілдіктер, кепілгерліктер және (немесе) өзге де қаржы құралдарын бермеуге, сондай-ақ ұқсас заңдық сипаттағы өзге де мәмілелер жасамауға;

кепіл, опцион туралы шарттар жасаспауға не Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өз активтерінің 10 % (он пайызынан) астам мөлшерінде бір немесе бірнеше мәміледе (байланысты немесе байланысты емес) өз мүлкіне, қазіргі және болашақ табыстарына қандай да бір ауыртпалықтар салмауға және/немесе иеліктен шығармауға;

11) Заемшының/Аппликantтың қатысушылары (акционерлері) құрамының, жарияланған акциялар санының өзгеруіне/жарғылық капитал мөлшерінің азаюына, Заемшының/Аппликantтың бірінші басшысының және Заемшының/Аппликantтың ірі қатысушысы/акционері – заңды тұлғасының бірінші басшысының ауысуына жол бермеуге;

12) Заемды Банктің акцияларын сатып алу және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген, пруденциялық нормативтердің және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттердің, Банк капиталының мөлшерінің нормативтік мәндері мен есептеу әдістемелерін айқындайтын Банк капиталының құрамындағы құралдарды жіктеу үшін тиісті өлшемшарттарға сәйкес Банктің қамтамасыз етілмеген міндеттемесі болып табылатын Банктің реттелген облигацияларын сатып алу үшін пайдаланбауға;

13) Аппликantты/Заемшыны ерікті түрде қайта ұйымдастырмауға немесе таратпауға;

14) дивидендтерді немесе кірістерді Заемшының акционерлері (қатысушылары) арасында өзге нысанда бөлмеуге;

15) алдын ала ескертусіз Аппликant/Заемшы қызметінің негізгі түрін өзгертпеуге, қызметтің жаңа түрін бастамауға, еншілес ұйымдарды, өзге де заңды тұлғаларды (дербес немесе үшінші тұлғалармен) құрмауға;

16) өзінің құрылтай құжаттарына және (немесе) Заемшының жай акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін Заемшының жарғылық капиталындағы үлестің барлық меншік иелері туралы және Заемшының жарғылық капиталындағы жай акциялардың (қатысу үлестерінің) түпкілікті меншік иелеріне дейін ақпаратты ашатын, Заемшының жай акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін акцияларды ұстаушылардың (шаруашылық серіктестік қатысушыларының) тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде көрсетілген құрылтай құжаттарына және (немесе) акцияларды ұстаушылардың (шаруашылық серіктестікке қатысушылардың) тізіліміне осындай өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмелерін Банкке дереу, бірақ кез келген жағдайда осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар ресімделген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге, сондай-ақ осы тармақшаның талаптарын өзінің еншілес ұйымдарының орындауын қамтамасыз етуге;

Заемшының атқарушы органының және (немесе) басқару органының құрамы өзгерген кезде, Заемшының пошталық және банктік деректемелері, оның заңды мекенжайы өзгерген кезде, сондай-ақ Заемшының байланыс тұлғасының байланыс деректері (оның ішінде электрондық мекенжайы, мобильді/ұялы телефон нөмірі) өзгерген кезде, сондай-ақ Заемшының байланыс тұлғасы ауысқан кезде Банкке жаңа мәліметтерді ұсынумен тиісті растайтын құжаттарды дереу, бірақ кез келген жағдайда көрсетілген өзгерістер туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша хабарлауға;

17) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген рәсімдерге, мәжбүрлеп тарату рәсімдеріне немесе Заемшының қызметін тоқтатудың өзге де нысандарына Заемшының тартылуына/Заемшының тартылу қаупіне жол бермеуге;

18) Банкті жазбаша түрде:

банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банктік шоттар ашқаны туралы ашылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарландыруға және Банкке тиісті растайтын құжаттарды ұсынуға;

Аппликantқа/Заемшыға қатысты өзінің дәрменсіздігі немесе оның туындау қаупі, оңалту рәсімдерін немесе банкроттық рәсімдерін қолдану немесе қолдану қаупі туралы;

Аппликantтың/Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауына теріс әсер етуі мүмкін мән-жайлар туралы, оның ішінде:

- заңды тұлға – Аппликantты/Заемшыны болжамды тарату немесе қайта ұйымдастыру;

- Аппликantтың/Заемшының мүлкіне, оның ішінде кез келген банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы және өзге де қаржы ұйымдарындағы оның банктік шоттарындағы ақшаға тыйым салу;

- жауапкер ретінде Аппликant/Заемшының қатысуымен мемлекеттік, төрелік, аралық соттардағы талқылауларға қатысу туралы;

- біреудің Шарттың жарамдылығына дау айтуы туралы хабарландыруға;

19) Қолданыстағы құқықта және (немесе) Тараптардың келісiмiнде белгiленген жағдайларды қоспағанда, Шарт жасасу күнiнде де, болашақта да туындаған барлық басқа ақшалай мiндеттемелерге қатысты Шарт бойынша ақшалай мiндеттемелердi бiрiншi кезектегi тәрiппен орындауға;

20) Банктің жазбаша талабы бойынша және ол көрсеткен мерзiмдерде оған Шарт бойынша қажеттi кез келген құжаттар мен мәліметтердi ұсынуға;

21) Банкке, оның ішінде Банктің бiрiншi жазбаша талабы бойынша Дербес деректерi өзектi және дәйектi болып табылатын Дербес деректер субъектiлерiнiң Дербес деректер бойынша тиiсiнше ресiмделген келiсiмдердi ұсынуға және ұсынуды қамтамасыз етуге;

22) мынадай: Банкке Дербес деректер бойынша берiлген келiсiмдердiң кез келгенiн керi қайтарып алудың, бiреудiң олардың жарамдылығына дау айтудың, Банкке Дербес деректер бойынша берiлген келiсiмдердiң кез келгенiн жарамсыз деп танудың, Дербес деректер субъектiлерiнiң Банкке берiлген Дербес деректер субъектiлерiн жою, бұғаттау, иесiздендiру туралы Дербес деректер субъектiлерiнiң талаптар қою; Заемшының Банкке Дербес деректер және/немесе Дербес деректер субъектiлерiнiң дербес деректерi бойынша келiсiм беруге/ұсынуды қамтамасыз етуге байланысты Шарт бойынша мiндеттемелердi орындамауы немесе тиiсiнше орындамауы салдарынан Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшiн Банкке шаралар қолдану жағдайларын алдын алу жөнiнде шаралар қабылдауға;

23) Банкке Дербес деректер бойынша келiсiмдi және/немесе Дербес деректер субъектiлерiнiң Дербес деректерiн ұсынуға/ұсынуды қамтамасыз етуге байланысты Аппликantтың/Заемшының Шарт және (немесе) Банкпен жасалған өзге де шарттар/келiсiмдер бойынша мiндеттемелердi орындамауы немесе тиiсiнше орындамауы салдарынан Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшiн Банкке қандай да бiр шаралар қолданылған жағдайда, Банк шеккен кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге;

24) Өтiнiм-офертада көрсетiлген ерекше талаптарды және Заемшының Шарт бойынша өзге де мiндеттемелерiн тиiсiнше орындауға;

25) Заемды нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға мiндеттенедi. Банктің Заемды нысаналы пайдалануына тексеру жүргiзу кезiнде оны ұйымдастыруға жәрдемдесуге (Банк сұрататын ақпаратты және (немесе) құжаттаманы ұсыну, өндiрiстiк және өзге де объектiлерге қол жеткiзудi қамтамасыз ету және т. б.);

26) Банкке Шартта/Банк тарифтерiнде белгiленген комиссиялардың, шығындардың, шығыстардың барлық сомаларын, оның ішінде, бiрақ шектелмей:

- Заем сомасын, олар бойынша сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсiмпұл) өтеу бойынша мiндеттемелердiң орындалуын алу; Банк сот органдарына жүгiнген кезде төлейтiн мемлекеттiк бажды қоса алғанда, Заемшыдан сот/соттан тыс тәрiппен берешек сомасын өндiрiп алу бойынша Банк шеккен шығыстарды;

- нотариаттық қызметакыларды (Банктің Шарт бойынша өз талаптарын қанағаттандыруы үшiн қажеттi Шарттың көшiрмелерiн куәландыру жөнiндегi шығыстарды қоса алғанда);

- сот дауларына байланысты iссапар шығыстарын, консультанттың қызметтерiне ақы төлеу жөнiндегi шығыстарды, бұл ретте шетел құқығы/халықаралық нормалар/қағидалар бойынша, оның ішінде сот даулары бойынша (халықаралық қағидалармен/нормалармен және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасынан өзгеше заңдармен реттелетiн Шарт шеңберiндегi құқықтық қатынастар бойынша) консультантты таңдау құқығы Банкте сақталады;

- Заемшыдан Берешектi өндiрiп алу бойынша Банкте туындаған кез келген басқа құжатталған шығыстарды (залалдарды), сондай-ақ Заемға қызмет көрсетуге байланысты өзге де шығыстарды төлеуге/төлеп отыруға;

27) Банк шетелдiк банктердiң пайдасына кез келген шығыстарды Заемшының атынан төлеген жағдайда, Банк аталған берешектi Заемшының Банкте ашылған банктiк шоттарын тiкелей дебеттеу жолымен Заемшының кез келген шоттарынан акцептiсiз тәрiппен алып қоюға

міндеттенеді. Бұл ретте бейрезиденттің кірістерінен төлем көзінен корпоративтік табыс салығын есептеу және бюджетке аудару жөніндегі міндет пен жауапкершілік Заемшыға жүктеледі, өйткені бұл шығыстар Заемшының шығыстары болып табылады және Заемшы салық агенті болып танылады;

28) жоспарлы төлем күні басталған кезде Шартта көрсетілген өзінің банктік шотында Заем валютасындағы ақшаны қамтамасыз ету;

29) Банктің талабы бойынша Шарт бойынша берешек толық өтелгенге дейін Заемшының қаржылық жағдайын тексеру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға **міндеттенеді**. Тексерулердің санын және олардың мерзімдерін Банк айқындайды және Заемшымен келіспейді;

30) Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінің пайдасына комиссиялар мен басқа да төлемдерді төлеу кезінде бейрезиденттердің кірістерінен төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын есептеу жөніндегі міндет Заемшыда туындайды, өйткені Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Заемшы салық агенті болып табылады;

9.3. Кепілгер/Банк:

1) қажетті құжаттаманы алған, Кепілдік шығарғаны үшін комиссия төлеген және Аппликант Кепілгердің талаптарына сәйкес келген кезде Өтінім-офертада және Қосылу шартында көзделген талаптарда, көлемдерде және мерзімдерде Кепілдік беруге;

2) Бенефициардың Талабын алғаны туралы Аппликантты хабардар етуге;

3) төмендегі жағдайларды:

Шартта көзделген жағдайларда Заемшының Заем алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты анық ақпарат беру жөніндегі міндеттемелерін бұзуы;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы және Ерекше бөлімінде) көзделген жағдайларда, Банкте Шарт бойынша Заемшының міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы туындаған жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ:

Банкті алдын ала жазбаша хабардар етпей, жиынтығында акциялардың (қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызын иеленетін Заемшының қатысушылары (акционерлері) құрамының өзгеруі жағдайларында, Шартты жасасу күніне белгіленген сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен ұлғайтпауға міндеттенеді.

Көрсетілген жағдайларда сыйақы мөлшерлемесі мынадай тәртіппен ұлғайтылады:

сыйақы мөлшерлемесінің болжамды ұлғаюына дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Банк жаңа сыйақы мөлшерлемесін көрсете отырып, Заемшыға сыйақы мөлшерлемесінің ұлғаю себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді;

Банк осындай хабарламаны жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесімен келіседі не Банкке негізделген жазбаша қарсылықтар береді. Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесінен бас тартуға және осы Қосылу шартының тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде Шарт бойынша өзінің берешегін мерзімінен бұрын толық өтеуге құқылы;

Банк Заемшының жаңа сыйақы мөлшерлемесіне қатысты негізделген жазбаша қарсылықтарын алған жағдайда, Банк оларды қарауға және реттеуге байланысты шаралар қабылдайды.

Егер Тараптар қарсылықтар бойынша келісімге қол жеткізбесе, Заемшы оларды реттеу үшін сотқа жүгінуге құқылы;

4) 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін, 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген Заемды алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын өтеу немесе толық мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, Заемды мерзімінен бұрын өтегені үшін Қосылу шартының 7-бабында көзделген тәртіппен және талаптарда тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алмауға;

5) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін алмауға;

6) Заемшының өтініші бойынша айына 1 (бір) реттен жиі емес 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне кезекті келіп түскен ақшаны (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төлеуге жататын басқа да сомаларға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша нысанда өтеусіз беруге;

7) Заемшының Шарт бойынша берілген ақшаны өтеусіз ішінара немесе толық мерзімінен бұрын Банкке қайтару туралы өтініші бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оған негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төлеуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып, қайтаруға тиесілі соманың мөлшерін хабарлауға;

8) Заемшыны Шартта көзделген тәртіппен Шарт талаптарының оларды жақсарту жағына қарай өзгергені туралы хабардар етуге;

9) міндеттемені орындау мерзімі өткен кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей Заемшыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде:

Шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі өткені және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

Заемшының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етуге.

Хабарлама, егер ол Заемшыға Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Заемшының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса;

Заемшының хабарлама алуын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы белгісімен ол қайтарылған не оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны расталмауына байланысты жағдайда, хабарлама міндеттемені орындау мерзімі өткен кезде тиісінше жолданды деп есептеледі, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Заемшыға мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі туралы және Заемшының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде хабардар етуге міндеттенеді;

10) Заемшының жазбаша өтінішіне жазбаша жауапты қарауға және дайындауға;

11) біржақты тәртіппен:

Шартты жасасу күніне белгіленген Заемға қызмет көрсету жөніндегі комиссиялар мен өзге де төлемдерді есептеу мөлшері мен тәртібін ұлғайту жағына өзгертпеуге;

Шарт шеңберінде комиссиялардың және өзге де төлемдердің жаңа түрлерін енгізбеуге;

12) Банктің Шарт бойынша құқығының (талабының) үшінші тұлғаға ауысу талаптарын қамтитын шарт (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде Заемшыны (немесе оның уәкілетті өкілін):

талап ету құқығын үшінші тұлғаға беру мүмкіндігі туралы, сондай-ақ Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен осындай басқаға беруге байланысты Заемшының дербес деректерін өңдеу туралы талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін;

Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға Заемды өтеу бойынша одан әрі төлемдердің тағайындалғанын көрсете отырып (Шарт бойынша құқық (талап) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері), талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде құқықтың (талап етудің) өткені туралы, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемі, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және төленуге жататын басқа да сомалардың мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтары туралы Заемшыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге **міндеттенеді**.

9.4. Кепілгер/Банк:

1) Аппликант Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған және (немесе) Аппликант Кепілгердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда Шартты орындаудан (атап айтқанда, Бенефициардың пайдасына Кепілдік беруден, Кепілдік талаптарын өзгертуден) бас тартуға;

- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес Кепілдік бойынша Кепілгер Бенефициардың пайдасына орындаған міндеттеме мөлшерінде Аппликантқа кері талап қоюға;
- 3) Қосылу шартының 3.1-тармағында белгіленген мерзімдерді бұза отырып, Аппликант Кепілдік сомасы бойынша берешекті, сондай-ақ берешек сомаларын (комиссияны, тұрақсыздық айыбын, шығындарды, шығыстарды және т.б.) төлемеген немесе уақтылы төлемеген жағдайда, Кепілгер тікелей дебеттеу жолымен не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен акцептісіз тәртіппен берешек сомасын Кепілгерде ашылған Аппликанттың банктік шоттарынан, сондай-ақ Аппликанттың басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарынан өз пайдасына алып қоюға;
- 4) Аппликанттың қаржылық жағдайы туралы қажетті ақпаратты сұратуға және алуға, оның қаржылық жағдайын тексеруге;
- 5) Аппликанттан Бенефициардың пайдасына төленген Кепілдік сомасын және Шарт пен Кепілдік бойынша өзге де берешекті қайтаруды талап етуге;
- 6) дұрыс емес ақпарат беру, Аппликантты сот процесіне тарту және/немесе оның қаржылық жағдайының нашарлауы, атап айтқанда, Аппликант оны орындау кезінде Кепілдік берілген талаптарға сәйкес келуін тоқтатқан жағдайлары анықталған кезде Аппликанттан Кепілдік сомасы мөлшерінде Кепілдік бойынша ақшалай өтемді немесе Кепілгер үшін қолайлы өзге де қамтамасыз етуді ұсынуды талап етуге;
- 7) Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Аппликанттың келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге;
- 8) Шарттың талаптарына сәйкес комиссия, тұрақсыздық айыбын және Аппликанттың/Заемшының Кепілгер/Банк алдындағы берешегінің басқа да сомаларын есептеуге және алуға;
- 9) Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Заемшыға Шартта көзделген тәсілмен талап жолдай отырып немесе өзге де әрекеттер жасай отырып:
Заемшыдан Заемды мерзімінен бұрын қайтаруды және Шарт бойынша өзге берешекті, сондай-ақ Заемшының Банкпен жасалған басқа шарттар бойынша берешектерін, егер мұндай талапта өзге мерзім көрсетілмесе, Заемшыға Банктің талабы жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтеуін талап етуге және (немесе);
Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген өзге де шараларды қабылдауға;
- 10) Заемның нысаналы пайдаланылуын тексеруге;
- 11) Заемшы Заемның кезекті бөлігін қайтару немесе сыйақы төлеу мерзімін күнтізбелік 40 (қырық) күннен артық бұзған жағдайда Заемды мерзімінен бұрын қайтаруды және сыйақы төлеуді талап етуге;
- 12) Заемшының банктік заемның бірнеше шарты бойынша бір мезгілде мерзімі өткен берешегі болған кезде берешекті Банк айқындаған тәртіппен дербес өтеуге;
- 13) Заемшы Шарттың талаптарына сәйкес сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзған жағдайда Банктің ішкі құжаттарына сәйкес сыйақыны, көтеріңкі сыйақыны және өзге де айыппұл санкцияларын есептеуді тоқтата тұруға;
- 14) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда Шарттың талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге/толықтыруға;
- 15) Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторлық агенттіктерге Заемшының қандай да бір келісімінсіз беруге;
- 16) Банк Заемшының банктік шоттарынан шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін теңгемен ақшаны алып қойған кезде, сондай-ақ Заемшы Банкке шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін теңгемен ақша аударған жағдайда, осы ақшаны Банк белгілеген шетел валютасын сатудың ағымдағы бағамы бойынша шетел валютасына айырбастауды тиісті операцияны жасау сәтінде қолданыста болған Банк тарифтеріне сәйкес осындай айырбастауды жүргізгені үшін Заемшыдан комиссиялардың сомаларын ала отырып жүргізуге;

17) Заемды мерзімінен бұрын өтеу кезінде есептелген және төленбеген сыйақыны, оның ішінде осындай өтеу жүргізілген күнге есептелген және кейінге қалдырылған сыйақыны бірінші кезекте өтеуді талап етуге;

18) өз қалауы бойынша Қосылу шартының 4-бабында көзделген Заемды беруден бас тартуға;

19) Заем сомасы есептелген Заемшының шотын оны Бенефициардың шотына аудару сәтіне дейін бұғаттауға;

20) төмендегі жағдайларда:

а) іскерлік қатынастарды зерделеу процесінде Аппликant/Заемшы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындағанда;

б) банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тарту не Аппликantтың/Заемшының банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтата тұру;

в) кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (FATF және БҰҰ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған Аппликantқа/Заемшыға және (немесе) оның үлестес тұлғаларына қатысты санкциялар болған;

г) Банкте Аппликantтың/Заемшының/Аппликant/Заемшы контрагентінің және олардың бенефициарлық меншік иелерінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың қолданысына түседі не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіз болған;

д) банктік шот шартында және (немесе) Банкпен жасалған өзге де шарттарда/келісімдерде айқындалған жағдайларда;

е) қолданыстағы заңнамада және (немесе) Банктің ішкі құжаттарында көзделген тиісті тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ іскерлік қатынастарды Аппликant/Заемшы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда Аппликantпен/Заемшымен іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға;

ж) Аппликantтан/Заемшыдан (оның өкілінен) Аппликantты/Заемшыны (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау, сондай-ақ салықтық резиденттік, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсыну үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге;

з) Аппликantтан/Заемшыдан (оның өкілінен) Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ішкі нормативтік құжаттарында және рәсімдерінде көзделген және (немесе) халықаралық экономикалық санкцияларда белгіленген талаптарды орындау шеңберінде өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге;

и) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және рәсімдерінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Банкте Аппликantтың/Заемшының/Аппликant/Заемшы контрагентінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың қолданысына түседі не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіздердің болуы бойынша электрондық құжаттарды орындауға қабылдаудан бас тартуға;

к) «Onlinebank HALYK» жүйесінде қызмет көрсету шартының талаптарында көзделген негіздер бойынша, бірақ өзін шектемей, электрондық құжаттарды өңдеуге қабылдамауға;

л) мұндай операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаған жағдайда шот бойынша шығыс операцияларын орындауды тоқтата тұруға;

м) төмендегі жағдайларда:

- іскерлік қатынастарды зерделеу процесінде Аппликant/Заемшы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындағанда;

- Шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тарту не Аппликantтың/Заемшының банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтата тұру жағдайында Шартты орындаудан біржақты бас тарту жолымен Аппликantпен/Заемшымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға **құқылы**;

21) Банктің Шартта және (немесе) Банкпен жасалған өзге де шарттарда/келісімдерде және Қолданылатын құқықта көзделген өзге де құқықтары болады.

10-бап. Дауларды шешу тәртібі. Хабарламалар

10.1. Шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілмейді, олар айрықша соттылық жағдайларын қоспағанда, Кепілгердің/Банктің немесе Заем/банктік кепілдік берілген Кепілгердің/Банктің филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдана отырып, Кепілгердің/Банктің (шарттық соттылық) қалауы бойынша шешіледі.

10.2. Кепілгердің/Банктің Аппликantқа/Заемшыға жіберетін хабарламалары мұндай хабарламаларды Кепілгер/Банк мынадай тәсілдердің бірімен: курьерлік немесе пошта қызметі арқылы; электрондық пошта арқылы; факс арқылы; ұялы және өзге де телефон байланысы арқылы; Кепілгердің/Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде/ www.halykbank.kz веб-сайтында/электрондық мекенжайы бойынша тиісті ақпаратты орналастыру арқылы жіберген кезде тиісінше ресімделген болып есептеледі (Қосылу шартының 9-бабы 9.4-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Аппликantқа/Заемшыға тікелей берілген, курьерлік қызмет жеткізу мекенжайында Аппликantтың/Заемшының болмауына немесе Аппликantтың/Заемшының хабарлама алудан бас тартуына байланысты жеткізу мүмкін еместігін растаған жағдайда жеткізілген деп есептелетін жеке немесе курьерлік қызмет арқылы берілетін хабарламаларды қоспағанда (Қосылу шартының 9-бабы 9.4-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда), егер Кепілгер/Банк хабарламаны алғаны туралы растауды қажет етпей, хабарламалар жоғарыда көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен жіберілсе, хабарламалар Аппликantқа/Заемшыға жеткізілген болып саналады, ал Аппликant/Заемшы тиісті түрде хабарланған болып саналады.

10.3. Аппликantтан/Заемшыдан Кепілгерге/Банкке жіберілетін хабарламалар мұндай хабарламаларды Аппликant/Заемшы: Кепілгердің/Банктің уәкілетті қызметкеріне алғаны туралы қол қойғызып тапсыру арқылы; курьерлік немесе пошта қызметі арқылы жіберген кезде тиісті түрде ресімделген болып есептеледі.

10.4. Кепілгер/Банк хабарлама жіберу үшін пайдаланатын Аппликantтың/Заемшының байланыс деректері, деректемелері өзгерген кезде Аппликant/Заемшы өзгерістер болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы Кепілгерге/Банкке хабарлама жіберуге не егер Кепілгер/Банк өзгерістер туралы ауызша өтініш жеткілікті деп айқындаған болса, қажетті ақпаратты Кепілгердің/Банктің байланыс орталығының қызметіне хабарлауға тиіс.

10.5. Аппликant/Заемшы Кепілгерге/Банкке жазбаша хабарламаған Аппликant/Заемшының байланыс деректерінің және (немесе) деректемелерінің өзгеруінен туындаған Аппликantтың/Заемшының Кепілгердің/Банктің хабарламаларын алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін Кепілгер/Банк жауапты болмайды.

10.6. Аппликant/Заемшы хабарламаларды жіберу және (немесе) алу мақсаттары үшін жедел байланыс құралдарын пайдалануға байланысты тәуекелдерді, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: алаяқтық, жіберілген ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, Аппликant/Заемшы хабарламаларды алмау немесе уақтылы алмау, ақпаратты жедел байланыс құралдарының жұмыс істеуіндегі іркілістерден және (немесе) хабарламаларды беру немесе алу үшін пайдаланылатын жабдықтың жұмысындағы ақаулардан туындаған Аппликant/Заемшы немесе Кепілгер/Банк алғанға дейін жоғалту тәуекелін өзіне қабылдайды.

10.7. Егер Аппликant/Заемшы мұндай залалдардың Кепілгер/Банк өз міндеттерін ұқыпсыз орындауы немесе қасақана орындамауының нәтижесі болып табылатындығын дәлелдей алмаса, Кепілгер/Банк Қосылу шартының осы бабының 10.6-тармағында көрсетілген жағдайларда Аппликantтың/Заемшының кез келген шығындары үшін жауапты болмайды.

11-бап. Келісімдер және растаулар

11.1. Қосылу шартына қосылу және Өтінім-офертаға қол қою арқылы Аппликant/Заемшы:

1) Кепілдікті шығарғаны үшін комиссиямен, Өтінім-офертада көзделген комиссиялармен және Кепілгердің тарифтерінде белгіленген өзге де комиссиялармен танысқанын және сөзсіз келісетінін растайды;

2) Аппликant/Заемшы Аппликantтың/Заемшының уәкілетті органдары мен тұлғалары тарапынан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоса алғанда, үшінші тұлғалар тарапынан Шарт жасасу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін барлық рұқсаттар мен келісімдерді алғанын растайды;

3) Кепілгерге Кепілгердің өз қаражаты есебінен Бенефициарға оның талабы бойынша төленген Кепілдік сомасын және берешектің барлық сомаларын Кепілгерде ашылған Аппликantтың кез келген банктік шоттарынан, сондай-ақ басқа банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Аппликantтың кез келген банктік шоттарынан тікелей дебеттеу жолымен не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен даусыз (акцептісіз) алып қоюға өзінің қайтарып алынбайтын келісімін береді;

4) Аппликant/Заемшы банкроттық, оңалту, қайта ұйымдастыру не тарату жағдайында емес екенін және Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органдарында, оның ішінде соттарда көрсетілген процестерді қозғау туралы өтініш (немесе өтініштің өзге де нысандары) жоқ екенін куәландырады;

5) Кепілгер/Банк Аппликantтың/Заемшының келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге құқылы екенін растайды, сондай-ақ Шарт бойынша Аппликantтың/Заемшының берешегін өндіріп алу үшін Кепілгердің үшінші тұлғаларды тартуына келісім білдіреді;

6) Аппликant/Заемшы, Шарттың талаптары, Тараптардың олар бойынша міндеттемелерді орындауы туралы кез келген мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген басқа ақпаратты кез келген үшінші тұлғаларға, оның ішінде Шарт бойынша Аппликantтың/Заемшының міндеттемелерін немесе Кепілгердің/Банктің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында ашуға (бұдан әрі – мәліметтерді ашу), беруге келісім білдіреді және уәкілеттік береді.

7) Өтінім-офертадағы барлық ақпарат шынайы болып табылатынын, шынайы фактілерге сәйкес келетіндігін растайды. Кепілгер Өтінім-офертаны Кепілдік беруге келіскен жағдайда да, беруден бас тартқан жағдайда да сақтай алады. Өтінім-офертаға қол қоя отырып, Аппликant/Заемшы Кепілгерге өзінің қазіргі және бұрынғы қаржылық және қызметтік жағдайын тексеру құқығын береді және Кепілгер менеджерінің өзінің бизнес/тұрғылықты жеріне баруына қарсы болмайды. Аппликant/Заемшы өзінің қаржылық жағдайындағы барлық өзгерістер туралы Кепілгердің/Банктің барлық сұрақтарына жауап беру міндетін түсінеді;

8) мәліметтерді ашу кезінде:

- Кепілгердің/Банктің еншілес ұйымдарына мәліметтерді ашуға өзінің сөзсіз және қайтарылмайтын жазбаша келісімін береді;

- Шартқа сәйкес мәліметтерді ашуға байланысты келісімге қол қою кезінде де, болашақта да Кепілгерге/Банкке қатысты талаптардың, оның ішінде мүліктік сипаттағы талаптардың жоқ екенін және болмайтынын растайды;

- Шартты қарау үшін Кепілгерге/Банкке қажетті құжаттарды уақтылы ұсынуға және Шартты қарауға және қаржы құралын алуға байланысты барлық комиссиялық, сақтандыру және басқа да төлемдерді төлеуге кепілдік береді;

9) Заемшы/Аппликant Банкке/Кепілгерге:

- суретке түсіруге және бейне түсіруге, сондай-ақ сәйкестендіру үшін Заемшының/Аппликantтың суретін пайдалануға;

- Банктің/Кепілгердің Заемшының/Аппликantтың биометриялық деректерін сәйкестендіру тәсілі ретінде пайдалануына (оның ішінде дауыс көшірмесін алуға);

- кредиттік бюролардың Банкке/Кепілгерге МДҚ-да бар (қолда бар және болашақта МДҚ-ға түсетін) Заемшы/Аппликant туралы ақпаратты беруіне;

- Банктің/Кепілгердің МДҚ «Туыстық байланыстар» немесе туыстық байланыстар бойынша өзге де МДҚ-дан Субъект туралы ақпаратты, оның ішінде балалар туралы мәліметтерді алуына;

- Банктің/Кепілгердің салық құпиясын құрайтын мәліметтерді, дербес медициналық деректерді, сондай-ақ заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлерін қамтитын, МДҚ-дан Субъект туралы ақпаратты алуына;

- МДҚ операторларынан/иелерінен түсетін Заемшы/Аппликant туралы ақпаратты кредиттік бюролардың алуына (қолда бар және болашақта МДҚ-ға түсетін);

- Банктің/Кепілгердің және оның еншілес ұйымдарының Заемшы/Аппликant туралы сақтандыру есебін, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі есепті алуына;
- МДҚ иелерінің кредиттік бюроға Заемшы/Аппликant туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы ұсынуына;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға Заемшы/Аппликant туралы ақпаратты кредиттік бюроға және Кепілгерге кредиттік бюро арқылы (қолда бар және болашақта келіп түсетін) беруге;
- Банктің/Кепілгердің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына Заемшының/Аппликantтың кірістерінен аударылатын міндетті зейнетақы жарналары туралы Мемлекеттік корпорация ұсынатын ақпаратты алуына;
- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ға (бұдан әрі – ЕРДО) Заемшы/Аппликant - жеке тұлға туралы оның кредит қабілеттілігін бағалау мақсатында оның кірістерін айқындайтын мәліметтерді беруге;
- Заемшының/Аппликantтың дербес деректері мен кредит қабілеттілігін бағалау мақсатында оның кірістерін айқындайтын мәліметтерді ЕРДО-дан алуға және кредиттік бюролардың Банкке/Кепілгерге беруіне;
- ұялы байланыс операторының Заемшының/Аппликantтың дербес деректері мен абоненттік нөмірінің мәліметтерін Банкке/Кепілгерге ашуына және беруіне;
- Заемшының/Аппликantтың абоненттік нөмірі туралы ұялы байланыс операторы ұсынатын мәліметтерді Банктің/Кепілгердің алуына (қолда бар және болашақта ұялы байланыс операторына келіп түсетін);
- Заемшы/Аппликant туралы ақпаратты (тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, телефон нөмірін, электрондық пошта мекенжайын қоса алғанда) интернет-компанияларға (Интернет желісінде қызмет көрсететін компанияларға) беруге; осы деректерді және Заемшы/Аппликant туралы интернет-компанияның иелігіндегі ақпаратты Заемшымен/Аппликantпен шарт жасасу туралы шешім қабылдау, қызмет көрсету сапасын арттыру, Заемшының/Аппликantтың Банктің/Кепілгердің өнімдеріне/қызметтеріне/сервистеріне қажеттіліктерін болжау және мониторингілеу және осындай өңдеудің иесіздендірілген нәтижесін Банкке/Кепілгерге беру мақсатында өңдеуге келісім береді;

10) Заемшы/Аппликant:

- өз үлестес жеке тұлғаларынан және серіктес - жеке тұлғалардан (бұдан әрі – дербес деректер субъектілері) Заемшы/Аппликant Банкке/Кепілгерге және (немесе) оның еншілес ұйымдарына берген және болашақта беруге жататын, сондай-ақ Заемшы/Аппликant Заемшыға/Аппликantқа және (немесе) оның еншілес ұйымдарына банктік және өзге де қызметтер көрсету мақсатында өз бетінше жинайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Заемшының/Аппликantтың және (немесе) оның еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарымен осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге де жағдайларда, Заемшы/Аппликant дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке/Кепілгерге және (немесе) оның еншілес ұйымдарына беруге, Банктің/Кепілгердің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының дербес деректерді өңдеуіне жинаған келісімдерінің Заемшыда/Аппликantта бар екені туралы құжаттық растамалар беретінін; Заемшы/Аппликant Банк/Кепілгер және (немесе) оның еншілес ұйымдары көрсеткен мерзімде осындай келісімдердің бар екенін құжаттамалық растау мүмкін болмаған жағдайда қажетті келісімдерді Заемшы/Аппликant алатынын, оларды алғанын құжаттамалық растауды Заемшы/Аппликant Банкке/Кепілгерге және (немесе) оның еншілес ұйымдарына беретінін;
- дербес деректер субъектілерінің дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке/Кепілгерге және (немесе) оның еншілес

ұйымдарына беруге, Банктің/Кепілгердің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының дербес деректерді өңдеуіне келісімдерінің болмауы үшін жауапкершілік Заемшыға/Аппликantқа жүктелетінін; Банкке/Кепілгерге және (немесе) оның еншілес ұйымдарына Заемшының/Аппликantтың дербес деректері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда Заемшы/Аппликant Банктің/Кепілгердің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының талап етуі бойынша Банкке/Кепілгерге және (немесе) оның еншілес ұйымдарына келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенетінін растайды;

Банкке/Кепілгерге Заңды бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда Заемшы/Аппликant ол шеккен барлық шығыстар мен залалдарды Банкке/Кепілгерге өтеуге міндеттенеді.

12-бап. Тараптардың жауапкершілігі

12.1. Міндеттер бұзылған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

12.2. Кепілгер Аппликantтың Өтінім-офертамен немесе Шарт талаптарын өзгертуге немесе кепілдік мерзімін ұзартуға қосымша өтінішпен уақтылы жүгінбеуінің салдары үшін жауапты болмайды.

12.3. Аппликant/Заемшы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Кепілгер/Банк мынадай бір немесе бірнеше әрекетті жасауға құқылы, бірақ олармен шектелмейді:

1) даусыз (акцептісіз) тәртіппен тікелей дебеттеу жолымен не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен Шарт бойынша берешек сомасын Аппликantтың/Заемшының банктік шоттарынан алуға;

2) Аппликantтан Шарт бойынша міндеттемелер бұзылған кезде келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Аппликantтың/Заемшының мүлкін ұстап қалуға;

4) Кепілдік/Заем сомасын және Шарт бойынша берешек сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

12.4. Аппликant Кепілдік сомасын Кепілгерге өтеуді кешіктірген жағдайда, тұрақсыздық айыбының мөлшері Қосылу шартының 3.3-тармағына сәйкес алынады.

13-бап. Құпиялылық

13.1. Тараптардың әрқайсысы Шарттың және Кепілдіктің талаптарын үшінші тұлғаларға жария етпеуге, сондай-ақ келіссөздер жүргізу, Шартты жасасу, орындау және бұзу барысында екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың (бұдан әрі – құпия ақпарат) қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

13.2. Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе тарату екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ақпаратты алуға уәкілетті органдардың және олардың лауазымды адамдарының талап етуі бойынша мүмкін болады. Осы тармақтың күші:

1) Кепілгер/Банк Заемшы/Аппликant туралы мәліметтерді, сондай-ақ Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты кредиттік бюроға берген және Аппликant/Заемшы бойынша кредиттік есептерді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда алған кездегі;

2) Кепілгер/Банк тікелей дебеттеу жолымен даусыз (акцептісіз) тәртіппен не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен Аппликantтың/Заемшының ақшасын Шарт бойынша Аппликantтың/Заемшының Кепілгер алдындағы берешегін өтеу үшін Аппликantтың /Заемшының банктік шоттарынан алып қоюы;

3) Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді басқаға беру (талаптарды басқаға беру және борышты аудару);

4) Кепілгердің басқа банктерге, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға Аппликantтың/Заемшының банктік шоттарының болуы және нөмірлері туралы мәліметтерді алу мақсатында оларға Шарт ұсына отырып жүгінуі;

5) өз мүдделерін қорғау мақсатында үшінші тұлғаларды (атап айтқанда, коллекторлық ұйымдарды, заң компанияларын және т. б.) тарту;

б) Кепілгер/Банк Шарт бойынша Аппликantтың берешегін өндіріп алу мақсатында Аппликantтың/Заемшының Шарт бойынша міндеттемелерін бұзуы жағдайларына жүрмейді.

13.3. Тараптардың кез келгені құпия ақпаратты Шарт талаптарын бұза отырып жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап құпия ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап шеккен залалдарды өтеуге міндетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жауаптылыққа тартылуға тиіс.

14-бап. Қосымша талаптар

14.1. Банктік кепілдікке қатысты Шарт Кепілдік шығарылған (акцепті) күннен бастап жасалған деп танылады және Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

14.2. Кепілгер/Банк Қосылу шартына, егер оларда өзгеше көзделмесе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы, олар Кепілгердің/Банктің www.halykbank.kz веб-сайтында жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және олар қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған Өтінім-офертаға қолданылады.

Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін мұндай өзгерістер мен толықтырулар Кепілгер/Банк пен Аппликant/Заемшы арасында:

Өтінім-офертаға;

Шарттың талаптарын өзгерту туралы тиісті түрде ресімделген қосымша өтінішті (офертаны) Аппликant жіберуі арқылы және оны Кепілгер күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қабылдаған жағдайда, Кепілгердің өз қалауы бойынша Кепілдікке қосымша парақ шығару жөніндегі іс-қимыл жасауы түріндегі акцептімен, Кепілгер Қосылу шартында көзделген біржақты тәртіппен енгізуге құқылы өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, Шартқа қосымша келісімдер (бұдан әрі – Шартқа Қосымша келісім) жасалған жағдайда қолданылады.

14.3. Тараптар:

Өтінім-офертаға Заем бойынша;

Шартқа банктік кепілдік бойынша қосымша келісім жасасу арқылы Қосылу шартының талаптарына өзгерістер енгізе алады.

Мұндай өзгерістер осы нақты Өтінім-офертадан/Шарттан Тараптардың қатынастарына қолданылатын болады.

Кепілгер нақты Шарт талаптарының бірі ретінде Қосылу шартында көзделген біржақты тәртіппен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі салдарынан Қосылу шартының талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы. Мұндай өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы нақты Шарттан Тараптардың қатынастарына қолданылатын болады.

14.4. Өтінім-оферта Заемды толық мерзімінен бұрын өтеген күннен бастап және Заемшы тарапынан Шартта көзделген Банк алдында орындалмаған өзге де міндеттемелер болмаған кезде өз қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатты деп есептеледі.

14.5. Банктік кепілдікке қатысты Шарт Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша екінші Тараптың жазбаша хабарламасы негізінде бұзылуы мүмкін, оны бастамашы екінші Тарапқа бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жіберуге тиіс. Бұл ретте, Тараптар Шарт Тараптар толық өзара есеп айырысуларды жүзеге асырғаннан кейін ғана бұзылды деп есептелетініне сөзсіз келісті.

14.6. Шарт шеңберінде жасалған барлық шарттар және оған барлық қосымшалар, егер олар жазбаша нысанда жасалса, Тараптар қол қойса және олардың мөрлерімен куәландырылса (Заемшы мөрдi қалауы бойынша қояды) оның ажырамас бөліктері болып табылады. Шарт, оған барлық қосымшалар бірыңғай құқықтық құрал болып табылады және олардың әрқайсысы өзара бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады.

14.7. Шарт бойынша міндеттемелерді Аппликant Кепілгердің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

14.8. Қосылу шартында айқындалмаған Шарттың талаптары Өтінім-офертада белгіленеді. Қосылу шартымен және Өтінім-офертамен реттелмеген Тараптардың Шарт бойынша қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14.9. Егер Шарттың контекстінде өзгеше көзделмесе, Шартта қолданылатын бас әріппен жазылатын терминдердің мынадай мағыналары болады:

1) Ковенант – Заемшының Шарт бойынша белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе оны орындаудан бас тартуға міндеттемесі;

2) Дербес деректер – олардың негізінде айқындалған немесе айқындалатын Дербес деректер субъектісіне жататын, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер;

3) Жоғары сыйақы – мынадай формула бойынша есептелген сома: мерзімі өткен берешек қалдығының сомасы (негізгі борыш және сыйақы) * мерзімі өткен күндер саны * айыппұл мөлшерлемесінің мөлшері/360 күн (жылына);

4) Дербес деректер бойынша келісім – Дербес деректер субъектісінің Дербес деректерін Банк жинауға және өңдеуге келісім;

5) Дербес деректер субъектілері – Дербес деректер жататын жеке тұлғалар;

6) Жұмыс күні – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда кез келген күн және Қолданылатын құқыққа сәйкес жұмыс күні деп танылған басқа күн (Қолданылатын құқыққа сәйкес демалыс күндерін және ресми, оның ішінде мерекелік, жұмыс істемейтін күндерді қоспағанда).

14.10. Даулы мәселелер бойынша Шарттың, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, өзге келісімдер, оның ішінде Кепілгер/Банк пен Аппликант/Заемшы арасында жасалған (жасалатын) келісімдер алдында (атап айтқанда, банктік шот шарттары және т.б.) басым күші болады. Тараптар Шарт жасалғаннан кейін барлық алдыңғы талқылаулар, уәделер мен ұсыныстар, сондай-ақ барлық хат-хабарлар заңды күшін жоғалтады және Шарт талаптарымен ауыстырылады деп келіседі.

14.11. Қосылу шартында айқындалмаған Шарттың талаптары Өтінім-офертада белгіленеді. Қосылу шарты мен Өтінім-оферта арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Өтінім-офертаны басшылыққа алу қажет. Қосылу шартымен және Өтінім-офертамен реттелмеген Тараптардың Шарт бойынша қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14.12. Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалады, олардың әрқайсысы Тараптар үшін бірдей заңдық күшке ие. Шарттың тілдік нұсқалары арасында қайшылық болған жағдайда оның ережелерін түсіндіру кезінде басымдық туралы мәселе Өтінім-офертаға сәйкес шешіледі.

15-бап. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолы

15.1. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолы Өтінім-офертада көрсетіледі.